



СУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
РЕСУРС

7-БЕТ | САРАПТАМА



СТУДЕНТ ҚАРЖЫСЫН  
ҚАЛАЙ ЖАРАТАДЫ?

9-БЕТ | ҚОҒАМ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

№31  
(4464)  
Бейсенбі  
16 наурыз  
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



www.the-village-kz.com



## САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана қаласының тұрғындары  
сайлау учаскелерін бірнеше  
тәсілмен онлайн біле алады:

1. Веб-қызмет: <https://sailau.astana.kz/>
  2. Telegram-дағы Чат-бот: [https://t.me/sailau\\_astana\\_bot](https://t.me/sailau_astana_bot)
  3. Smart Astana мобильді қосымшасы;
  4. Kcomet бірыңғай байланыс орталығы 109 телефоны бойынша.
- Еске салайық, 2023 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.



## ҚАЙЫРЫМДЫ БОЛУҒА ҮНДЕДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы оразаға орай кәсіпкерлерге үндеу жариялады.

«Осы ретте кәсіпкер азаматтарды, сауда орталықтарының басшыларын қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға үндеймін. Жақсы амалдарыңыз өздеріңізге еселеп жақсылық болып қайтатынында күмән жоқ. Мұндайда халқымыз: «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» деген.

Барша қауымға қасиетті Рамазан айында арақ-шарап ішілмесе және дүкендерде сатылмаса, мүмкіндігінше құдайы астар кешкі ауызашар уақытында өткізілсе деген тілегімді жеткіземін» деді Наурызбай қажы Тағанұлы өз үндеуінде.

# КӘСІПКЕРЛІГІ ӨРКЕНДЕГЕН ЕЛОРДА

Астана бүгінгі таңда шағын және орта бизнесті дамыту бойынша Қазақстанның өңірлері арасында көш бастап тұр. Қазір қаладағы 209 мыңға жуық кәсіпкерлік нысанда 458 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылып отыр. Бұл – елорданың экономикалық белсенді тұрғындарының 71 пайызын қамтыған көрсеткіш. Осының бәрі – Астанада шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында атқарылып жатқан іс-шаралар.

8

## «НАУРЫЗ БАЗАРЫ» – ШЫҒЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ

Елордада 21-23 наурыз аралығында «Наурыз базары» шығыс жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңке ЭКСПО халықаралық көрме орталығының аумағында өтеді. «Наурыз базары» шығыс жәрмеңкесі этностильдегі киімдердің, зергерлік бұйымдардың, керамика, металл, киіз және жібектен жасалған заттардың, кәдесыйлардың жаңа топтамаларының бай таңдауын ұсынады.

Қала тұрғындары үшін еліміздің әр өңірінен бас қосқан ең жақсы

шаруа қожалықтары мен тауар өндірушілердің жаңа өнімдері ең тиімді бағамен қолжетімді болады. Мереке құрметіне барлық тауарларға жеңілдіктер жасалады. Шығыс тағамдары фестивалі жұртшылықты асыға күтеді.

Жәрмеңке 21 наурыз күні сағат 13:00-18:00 аралығында, ал 22 және 23 наурыз күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді.



19 НАУРЫЗ – САЙЛАУ КҮНІ АСТАНАДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКПЕН ЖҮРУ ТЕГІН

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 490.75 \$ USD/KZT 458.22 ₸ RUB/KZT 6.09 ¥ CNY/KZT 66.6

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру аясында қабылданған Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспарының орындалу мәселелері қаралды.

Отырыс барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр баяндама жасады, сондай-ақ бірқатар мүдделі мемлекеттік орган басшылары мәлімет берді.

Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда сын-қатерлер мен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіпке объективті баға беріп, тиісті шараларды әзірлеу қажет екенін атап өтті. Жиын

соңында ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің алдын алу және ұлттық мүддені қорғау жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

## ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІЛЕР ҰЛЫҚТАЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыздың соңғы кезде бір аймаққа ғана белгілі адамдарға ескерткіш орнату сәнге айналғанын сынға алып, жергілікті ономастика комиссиялары бұған жол бермеуге тиіс екендігін ескертті.

Айтса айтқандай, әр аймақта елімізге кең танылмаған, жергілікті деңгейде кеңестік кезде ортаңқол басшылық қызметте болғандарға білім нысандарына есімін беру, ауылдар мен көшелерді солардың атымен атау бойынша қол жинайтын белсенді топтардың белең алып отырғаны ащы шындық. Оның үстіне ағайын-туыстардан жиналған қаржыға жалпы жұртшылық бейхабар адамдардан қолдан «батыр» жасап, оларға арналған ескерткіштердің бой көтеруі де көптің қолдауына ие болып отыр десек, артық айтқан болар едік. Бұл үрдіс, сайып келгенде, Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, әркім өз бабасына ескерткіш қоя берсе, елде рушылдық, жершілдіктің белең алуына алып келуі әбден мүмкін.

Президенттің: «...ескерткіш, бюст орнату ісі әлі жалғасып келеді. Өмірде болмаған ерлік

істерге толы өмірбаяндар ойдан құрастырылып жатыр. Олар туралы деректер архив құжаттарында нақтыланбаған немесе мүлде жоқ. Кейбір белсенді топтар азаматтарымызды кеңестік кезеңдегі партия және мемлекет қайраткерлерінің аңызға бергісіз өмірбаяндарына сенуге мәжбүрлеп жүр» деген сөзінен ғылыми жұртшылық өкілдеріне де жауапкершілік жүктегенін сезіндік. Өйткені қолдан «қайраткер» жасаушыларға ғылыми негіздемесі тың деректермен дәйектелген, бұлтартпас архив материалдарын алға тарта отырып тойтарыс бере алатын тек ғалымдар екені бесенеден белгілі.

Сондықтан еліміздің көрнекті ғалымдары құрамына енетін, ұлттық деңгейдегі тұлғалар тізімін түзетін ғылыми-эксперттік комиссия жасақтау керек деп санаймыз. Жергілікті және Республикалық онома-

стика комиссиялары эксперттер ұсынған қорытындылар негізінде түпкілікті шешім қабылдауы керек. Ол үшін, ең алдымен, тарихи тұлғалар тізіміне кіретіндердің критерийлері айқындалып, қойылатын талаптар тыңғылықты талқылануы тиіс. «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемегерді» деп Ильяс Жансүгіров ақын жырлағандай, ұлттық деңгейдегі тұғырлы тұлғаларды ескеріп, ескерткіштер орнатып жатсақ, халықтық қолдауға ие болары анық. Бұл ұлт болып ұйысудың, жұрт болып жұмылудың жарқын көрінісі болатынын жеткізгіміз келеді.

**Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,** Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

## АНКАРАҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурызда Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысу үшін Анкараға жұмыс сапарымен барады. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.

«Іс-шара барысында Ұйымның апат пен төтенше жағдайлар менеджменті және гуманитарлық көмек саласындағы қызметінің басым бағыттары, соның ішінде табиғи апаттарға қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастықты үйлестіруге және нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады» деп жазды ресми сайт. Сапар барысында Мемлекет басшысы Түркия Президентімен кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр.



## 15 ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ ЖАЗАҒА ТАРТЫЛДЫ

Астанада аудандық әкімдіктер мен табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері рұқсат етілмеген орындарға қоқыс төгу фактісін анықтау бойынша мониторинг жүргізіп жатыр. Бұл туралы қала әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ресми хабарламада айтылғандай, түрлі кәсіпорындар (оның ішінде құрылыс компаниялары) мен тұрғындардың өздері де құрылыс қалдығын қала шетіне шығарып, көрсетілмеген орындарға төгеді. Бұл қала экологиясының нашарлауына әсер етіп қана қоймай, тұрғындардың өмір сүруіне қолайсыз жағдай туғызады.

Биыл жалпы пайдалану орындарын ластағаны (434-2-бап) және абаттандыру ережесін (505-бап) бұзғаны үшін заң бұзушыларға 50 млн теңгеден

астам сомаға айыппұл салынды. Оның ішінде 15 құрылыс компаниясы бар. Былтыр 300-ге жуық табиғи қоқыс орны жойылды. 35 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Мәселен, Есіл ауданында – 105 орын, Байқоңыр ауданында – 90 орын, Сарыарқа ауданында – 44 орын.

Әкімдік табиғатты қорғау полициясымен, Астана қаласының экология департаментімен, «iKomek 109» бірыңғай байланыс орталығымен бірлесіп отырып, қалалық «Сергек»

бейнебақылау камералары арқылы қоқысты шығару мен пайдаға жарату ісін бақылауды күшейтті.

Құрылыс қалдықтарын басқару инфрақұрылымын құру және стихиялық полигондарды азайту мақсатында әкімдік құрылыс қалдықтарын төгу және қайта өңдеу үшін арнайы «Северная гряда» алаңын салып, іске қосты. Алаңда құрылыс қалдықтарын (асфальт, кірпіш, бетон және т.б.) өңдеуге арналған ұсаты жылына 196 000 м3 ұсақтау кешені орнатылған.



### СҮБЕЛІ СӨЗ



Тамара ДҮЙСЕНОВА, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«Енді алдағы 5 жыл ішінде жалпы азаматтардың зейнетке шығу жасы өмір сүру ұзақтығы мен зейнетақының деңгейіне байланысты болады. Сондықтан алдағы 5 жылда денсаулық сақтау саласында үлкен ұлттық жоба іске асырылады. Оның негізгі мақсаты – ауылдарда медицинаны жақсарту, көпсалалы ауруханаларды көбейту, яғни мамандандырылған медициналық

көмекті азаматтарға жеткізу, телемедицина, ерте скрининг сияқты мәселелерді қарастыру. Осы жұмыстардың нәтижесінде ер адамдар мен әйелдердің өмір сүру жасы ұзарса, онда 2029 жылдан кейін зейнет жасын ұлғайту мәселесі қайта қаралады. Егер жағдай дәл осылай қалып, керісінше (өмір сүру жасы) төмендесе, әрине, мәселе қаралады.

(15.03.2023. Сенаттың жалпы отырысында айтқан сөзі)

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Ресей 16207 украин балаларын заңсыз депортациялаған. Соның ішінде, 2161 жетім балалар да бар.**

Бұл ақпаратты Украина премьер-министрінің орынбасары Ирина Верещук растады. Ресей үкіметі украин балаларын елден әкетіп, ресейлік отбасыларға асырауға бергенін жоққа шығарған жоқ. Ал Соғысты зерттеу институты мәжбүрлеп депортациялау және украин балаларын асырап алу Женева конвенциясын өрескел бұзу болып табылатынын хабарлады.



**Ұлыбританияның астанасында 200 мыңнан 500 мыңға дейін адам қатысқан үлкен шерулер өтіп жатыр.**

Негізінен, Лондон метрополитені қызметкерлері және Англия мен Уэльстің мұғалімдері бастаған қарсылық акциялары көлік қозғалысын тығырыққа тіреді. Елдегі мемлекеттік қызметшілердің барлығы, коммуналдық қызмет пен дәрігерлер өз жалақысына, еңбек жағдайларына және зейнетақысының мөлшерін өсіруді талап етуде.



**Африкадағы ең кедей елдердің бірі – Малавидегі «Фредди» циклонынан қаза тапқандар саны 200-ге жетті.**

Оңтүстікафрикалық eNCA телеарнасы хабарлағандай, тропикалық циклон құрбандарының дені – Блантайр қаласының тұрғындары. Табиғи апат негізінен, қала шетіндегі құжыра үйлерді көп қиратқан. Малави президенті Лазарус Чаквера 13 наурызда елдің оңтүстік аудандарында апаттан қашу тәртібін енгізді. Бұл елде өткен жылы көктемде таралған тырысқақ ауруынан 1000 адам көз жұмды.





## OZON ФУЛФИЛМЕНТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Кеше елордада Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин мен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Ozon фулфилмент орталығын ашты. Бұл – кәсіпкерлерге онлайн-бизнесті кеңейтуге мүмкіндік беретін ірі логистикалық хаб.

«Бұл нысан 9 млн-ға дейін азық-түлік тауарларын, құрылыс материалдарын және тағы басқаларды сақтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ фулфилмент орталық 40 млрд теңге жекеменшік инвестиция тартуға жол ашып берді» деді қала басшысы. Ол елордамыздың

экономикасының негізін шағын және орта бизнес құрайтынын атап өтті. «Қала тұрғындары мен қонақтары күн сайын кәсіпкерлердің қызметін пайдаланады. Сондықтан біз кәсіпкерлерді қолдау, жеке инвестицияларды тарту, қаланың бизнес-ахуалын одан

әрі жақсарту бағытында үлкен жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Биыл 25 инвестициялық жобаны іске қосуды жоспарлап отырмыз. Мысалы, бұл – өнеркәсіп, логистика, медицина, білім беру, спорт, АӨК және т. б. салалардағы жобалар» деп түсіндірді Ж.Қасымбек.

## АҚТЫҚ САЙЫС ӨТТІ

Астана қаласы әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының қолдауымен «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен Қазақстан Қарулы Күштерінің 31 жылдығы қарсаңында «Жас сарбаз – патриоттар мекені» жобасы аясында елордада әскери-патриоттық әндер байқауының ақтық сайысы өтті.



Басқосуға Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының өкілі Мейірбек Меңдіғалиев, «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Астана қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек

және Қорғаныс министрлігінің және Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілдері қатысты.

Жарысқа «Жас сарбаз» сыныбының және клубының тәрбиеленушілері, Астана қаласының мектеп оқушылары мен колледж студенттерінен жалпы саны 250 адам

қатысты. Бұл байқаудың мақсаты – жастарға, «Жас сарбаз» тәрбиеленушілеріне рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру, білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымы мен патриотизмін қалыптастыру.

Асхат Налшыбек әскери-патриоттық әндер байқауы аталған жобаның ішіндегі ең маңызды іс-шаралардың бірі екенін атап өтті. «Қарулы Күштердің 31 жылдығына орай Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Жас сарбаз – патриоттар мекені» жобасын іске асыруды қолға алдық. Жобаның аясында әскери-патриоттық жиын, марафон, футбол және волейбол турнирлері, қайырымдылық акцияларын өткізуді жоспарладық. Осы жобамыздағы іс-шараның бірі және бірегейі – әскери-патриоттық әндер байқауы болып табылады. Байқауға Астана қаласынан 250-ден астам үміткер қатысты, соның ішінде 14-і ақтық сайысқа өтті. Барлық қатысушыларға зор алғысымызды білдіреміз» деді Асхат Налшыбек.

## ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙДЫ

Елордада Дүниежүзілік тұтынушылардың құқығын қорғау күніне орай елордада жиын өтті.

Ж.Жабаев атындағы №4 қазақ мектеп-гимназиясында өткен жиынға «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі мен Астана қаласының Заң консультанттары палатасының өкілдері, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты.

«Әкімдік өкілдерімен аудан бойын-

ша азық-түлік дүкендеріндегі тауарлардың бағасын тексеріп тұрамыз. Өйткені кейбір кәсіпкерлер бағаны көтереді. Кейде тауарда бір баға, ал кассада мүлде басқа баға көрсетілетін жағдайлар кездеседі. Жалпы, Астанада құқығы бұзылған тұтынушылардан жылына 20 мыңнан астам арыз келіп түседі. Ондай жағдай болмауы керек.

Бұл – заң бұзушылық, – деді «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиев.

Жиын барысында Астана қаласының Заң консультанттары палатасы мен «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

**Жапон билігі Пхеньяның тарапынан тағы арандатушылық іс-әрекеттер жасалатынын жоққа шығармайды.**

Жуырда АҚШ пен Оңтүстік Кореяның бірлескен әскери жаттығулары алдында ҚХДР екі қанатты зымырандарын ұшырып, олар 1,5 мың шақырымды жүріп өтіп, Жапон теңізіндегі нысанаға тиген. Жапония үкіметінің министрлер кабинетінің бас хатшысы Хирокадзу Мацуно зымырандардың ұшырылуын өңірдегі қауіпсіздікке нұқсан келтіргенін мәлім етті.



**Испанияның атышулы Ибиза сауықтыру кешенінде демалушылар мен туристерді Денге безгегі шошытты.**

Бұл вирусты масалар шағып, таратады екен. Вирус жұқтырған адамның әуелі қатты іші ауырады, қан құсады, мұрны мен қызыл иегінен қан кетеді. Ауру белгілері маса шаққан соң, 4-6 күн ішінде байқалады. Жұрттың көбі бір аптадан соң жазылады, ал 20 адамның ішінен біреуінің жағдайы нашарлайды. Безгекке қарсы вакцина шығарылған.

## ТІЛІ ДЕ, ДІЛІ ДЕ БІР

Қазақ ұғымында наурыз айы құт-берекенің, жақсылықтың айы саналады. Халқымыз бұл айда амал мерекесін тойлап, өз-Наурызды қарсы алып, жақсы тілектер тілейді. Ата-бабамыздан жалғасқан осы бір дәстүр тәуелсіз Қазақстанда да өз жалғасын тауып, амал, наурыз мейрамдарын еліміздегі басқа этнос өкілдері де тойлап келеді.

**Қалиакбар  
ҮСЕМЖАНҰЛЫ**

Жақында Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» КММ ұйымдастыруымен «Ырыс алды – ынтымақ» атты іс-шара өтті. Отбасылық тәрбиенің үздік үлгілерін дәріптеу, этнос өкілдерінің мемлекеттік тілді құрметтеп, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын көңілге тоқып, жүрекпен түйсініп, күнделікті тұрмыста қолдануға, отбасындағы ұл-қыздарына осы тәлім-тәрбиені сіңіріп, отбасы құндылықтарын сақтай отырып, мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін ұғынуға насихаттау мақсатында өткізілген бұл шараға бас қаладағы армян, орыс, күрд ұлттарының өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында өзге ұлт өкілдері наурыз көже дайындап, көрісу дәстүрін атап өтумен қатар, қазақ салты бойынша баланың тұсауын кесіп, шашу шашып, бата берді.

Күрд ұлтында тұсаукесер салты жоқ. Бірақ ұзақ уақыт қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан этнос өкілдеріне қазақтың бұл дәстүрі жат емес. Сондықтан да амал мерекесі күні Айлазовтар әулетіндегілер Салимнің ұлы Саладиннің тұсауын ақын, жазушы филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазыға кестіріп, атасы Сульхадин Айлазов ақ дастарқанға қазақ салты бойынша бата берді. «Қазақстан сынды ұлы шаңырақ астында берекелі тұрмыс кешіп жатқан барлық ұлт өкілдері мемлекеттік тілді біліп, мемлекет құрушы тұлғалық ұлт - қазақ халқымен біте қайнасып, оның салт-дәстүріне құрмет етсе, еліміздегі барлық ұлттың берекесі бекемделе түсер еді. Бүгінгі мынау күрд ағайындар сияқты қазақ дәстүрін біліп, оны құрметтеп жатса, ол да берекенің белгісі болмақ» деді С.Дүйсенғазы.

Соңынан армян, орыс ұлтының өкілдері де мемлекеттік тілде ән шырқап, өлең оқып, қазақтың биін билеп, мереке ажарын кіргізді.



## БІРЛІК ПЕН ТҰТАСТЫҚ – ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Астана қаласындағы Достық үйінде Дін істері жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен «Қазақстан қоғамының бірлігі мен тұтастығын нығайтудағы діннің рөлі» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны өткізудің мақсаты - конфессияаралық келісімді сақтау және нығайту болып саналады.

Басқосуға Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің, Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті өкілдері және елордалық діни бірлестік басшылары қатысты.

Мемлекеттік органдардың басшыларымен өткен кеңесте Мемлекет басшысы этносаралық келісімге ерекше назар аударғаны мәлім. Аталған жиында: «Этносаралық келісімді нығайту – еліміздің тұрақты дамуының негізі. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру үшін орталық мемлекеттік ор-

гандар мен жергілікті билік, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен жалпы азаматтық қоғам күш біріктіруі қажет. Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу аса маңызды. Оның ғылыми-теориялық негізін дамыту қажет. Өскелең ұрпақтың рухани тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Шын мәнінде, бұл – өте маңызды мәселе. Оны бетімен жіберсек, ұлттық салт-санамыздан айырылып қалуымыз мүмкін» деп атап өткен еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дөңгелек үстелде жиылған жұрт осы мәселеге айрықша көңіл аударды. Дін мен мемлекеттің түйісер жері – елдің тұтастығы, қоғамның ауызбіршілігі мен тұрақтылығы. Сондықтан екі тараптың өзара бірігіп әрекет ететін кеңістігін, оның құқықтық тетіктерін уақыт талабына сай айқындап және жетілдіріп отырудың маңызы зор.

## КАНИКУЛ – 9 КҮН

Мектептерде оқу жылының төртінші тоқсаны 17 наурызда аяқталады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінен мәлім етті.

Оқушылардың көктемгі каникулы 18-26 наурыз аралығында 9 күнге жалғасатын болады.

Еске салсақ, демалыс және мереке күндерін есептегенде каникулға екі күн берілген. Дегенмен министрлік бұл мерзімдерге өзгеріс енгізілмейтін атап өтті.

Былтырғы оқу жылында көктемгі каникул 12 күнге созылған

(19-30 наурыз аралығы). Биылғы оқу жылында жалпы каникул уақытының ұзақтығы қысқарды. Бұрын ол кем дегенде 30 күн болатын, ал қазір – 25 күн.

Сондай-ақ биыл оқу жылы 31 мамырда аяқталады. Оқу жылында 1-сынып оқушылары 35 апта оқыса, 2-11-сынып оқушылары 36 апта оқитын болады.



# ЖОЛДАУДАҒЫ ҰСЫНЫСТАР – ДЕМОКРАТИЯҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН ҚАДАМ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр 16 наурыздағы Жолдауында елімізге түбегейлі реформалар қажет екенін айтып, бірқатар ұсыныстарын жария етті. Сол ұсыныстар 2022 жылдың 5 маусымында өткен референдум негізінде заң жүзінде қабылданды. Соның ішіндегі негізгісі – Мемлекет басшысының және өзге де республикалық деңгейдегі лауазымды қызметкерлердің партия мүшелігінде болуына тыйым салынуы туралы ұсыныс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында Аманат партиясының төрағасы қызметінен кететінін, сонымен қатар партия қатарынан шығатынын мәлімдеді. Президент бұл шешім елдегі саяси бәсекелестіктің артуына және саясаттағы монополияның алдын алуға бағытталғанын атап өтті.

«Президенттің міндетін заңды түрде рәсімдеп, өкілеттігін атқару кезінде партиядағы мүшелігін тоқтатуды ұсынамын. Осы норма саяси бәсекелестікті арттырады. Барлық партияға бірдей жағдай жасайды. Соның арқасында біз елдің болашақ көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өз ыңғайына жығуға деген қызығушылықтан құтқарамыз» деді Қ.-Ж. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.

Мемлекет басшысы партиялық құрылымдардың мемлекеттік аппаратпен бірлесуі дұрыс емес деп санайды. Өйткені саясаттағы монополия әлеуметтік наразылықтарға себеп болуы мүмкін. Сондықтан саяси үстемдікке тосқауыл қою

мақсатында осылайша ұсыныс білдіріп, оны заң жүзінде бекітті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев президенттен бөлек, бірқатар мемлекеттік орган қызметкерлері де партия қатарынан шығуға тиіс деп мәлімдеді. Олар: Конституциялық соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьялары, орталық сайлау комиссиясының, елдің жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

Сондай-ақ әкімдер мен әкім орынбасарларына партия филиалдарын басқаруға тыйым салынды. «Осы шешімдер көпшілікті партиялық жүйені құруға мүмкіндік береді. Бүгінде барлық қоғам саяси және экономикалық монополияның қаңтар оқиғасына түрткі болғанын түсініп отыр. Ал қайғылы қаңтардың басты сабағы сол, мемлекетте жоғары лауазымды тұлғаның қолындағы билік күшейсе, оған жақын адамдар мен олигархтардың ықпалы артады.

Ал олар мемлекетті жеке иелік деп қабылдайды» деп түсіндірді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## РЕФОРМАЛАР НАҚТЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Саясаттағы өзгеріс елдегі саяси реформалардың нақты практикалық түрде жүзеге асып жатқанының көрінісі деуге болады. Қазір елімізде саяси реформалардың нақты практикалық түрде жүзеге асып жатқан кезі. Оның бір ажырамас бөлігі – алдағы өтетін Мәжіліс және мәслихаттар депутаттарын сайлау науқаны. Бұған дейінгі президент өкілеттігін шектеу мен оның мерзімін қысқартуға қатысты, сондай-ақ Ата заңымызға өзгертулер енгізу бойынша республикалық референдум сынды процестер – осы саяси реформалардың бір айғағы. Соның ішінде қазіргі еліміздегі пікірлердің сан алуандығы, саяси плюрализм, саяси партиялардың бәсекелестігін арттыру әрекеттері – демократияландыру процесінің ажырамас бөлігі. Осы ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет басшысының, түрлі

деңгейдегі соттардың, орталық сайлау комиссиясының, жоғары аудиторлық палата мүшелерінің, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің партия құрамынан шығуы туралы ұсыныс айтты. Бұл ұсыныстың басты мақсаты – еліміздегі жаңа саяси күштердің пайда болуына жағдай жасау және саяси күштердің тепе-теңдігін арттыру.

Ендігі жерде бұрынғыдай биліктің немесе президенттің партиясы деген түсінік болмайды. Ребрендингтен өткен Аманат партиясы бүгінде ішкі құрылымында қайта құрулар жасап жатыр. Өйткені шынайы бәсеке ортаға түсіп отыр. Сонымен қатар, «Сайлау туралы заңға» және «Саяси партиялар туралы заңға» өзгерістер енгізіліп, партия құру межесі 5 мың адамға дейін қысқартылғаны арқылы елде жаңа екі партия пайда болды. Сайлау жүйесіндегі мажоритарлық жүйенің енгізілуіне байланысты 10 мыңнан астам адамда Мәжіліс және мәслихат деңгейінде өзін-өзі депутаттыққа ұсыну мүмкіндігі пайда болды. Яғни, сайлану құқығы кеңейтілді.

Ал Мемлекет басшысының, түрлі деңгейдегі соттардың, ОСК, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің партия құрамында болмауы олардың спецификалық қызметіне де байланысты. Мысалы, ОСК мүшелері қандай да бір партия құрамында болса, сайлаудың әділ әрі ашық өтуіне бір күмән пайда болады. Сондықтан ОСК тәуелсіз болуы керек. Ол барлық партияларға, бірмандатты округ арқылы шығып отырған өзін-өзі ұсынушыларға тең жағдай жасауға мүдделі болып, объективті көзқараста болуы қажет. Соттың да сайлау кезінде түрлі құқық бұзушылықтар болған жағдайда тәуелсіз болуы – заңдылық. Әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының партиядан тыс болуы да олардың жеке қызметіне байланысты. Олардың басты мақсаты – Қазақстан халқына қызмет ету. Қандай да бір саяси көзқарастары болғанының өзінде олар партияның өкілі ретінде

## Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

2022 жыл 16 наурыз

### ТАПСЫРМА

Қазақстан Республикасы Президентінің президенттік өкілеттіктерді атқару мерзімінде саяси партияға мүшелігін тоқтату міндетін заңнамада бекіту;

Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдары мен квазимемлекеттік сектор басшылары лауазымдарын атқаруына тыйым салуды заңнамада бекіту.

### ОРЫНДАЛДЫ

#### 2022 жылы 8 маусымда тиісті Заң қабылданды

43-баптың 3-тармағы. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

43-баптың 4-тармағы. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.



емес, халыққа қызмет ететін қызметшілер ретінде өз-өзін көрсете білуі маңызды. Сондықтан бұл саяси реформаның түпкі мақсаты – бір жағынан елдегі саяси мәдениет пен саяси сауаттылықты арттыру, ал екінші жағынан, елдің демократия жолындағы нақты практикалық қадамы деуге болады.

Осылайша конституциялық реформа нәтижесінде қолданыстағы заңның 23-бабына өзгеріс енгізілді. 23-баптың 2-тармағының ескі нұсқасы: 2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлеуге тиіс.

қолдап сөйлеуге тиіс.

23-баптың 2-тармағының жаңа нұсқасы: 2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлеуге тиіс.

Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ, саясаттанушы, Ұлттық құрылтай мүшесі

## Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

2022 жыл 16 наурыз

### ТАПСЫРМА

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатындағы президенттік квотаны 15-тен 10 депутатқа дейін қысқарту;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының президенттік квота бойынша тағайындалатын 10 депутатының 5-еуінің кандидатурасын Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсыну құқығын айқындау.

### ОРЫНДАЛДЫ

#### 2022 жылы 8 маусымда тиісті Заң қабылданды

50-баптың 2-тармағы. Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.



## Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

2022 жыл 16 наурыз

### ТАПСЫРМА

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын құру, оған азаматтардың, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің де азаматтардың конституциялық құқықтарын тікелей қозғайтын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы жүргінуіне мүмкіндік беру.

### ОРЫНДАЛДЫ

#### 2022 жылы 5 қарашада тиісті Конституциялық заң қабылданды

1-бап. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап өз жұмысына кірісті.



## Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

2022 жыл 16 наурыз

### ТАПСЫРМА

Мажоритарлық жүйе бойынша сайланған депутаттар үшін императивті мандат енгізе отырып, азаматтарға сайлану мүмкіндігін беретін аралас сайлау жүйесіне көшу; Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттардың 30 пайызы – мажоритарлық жүйе бойынша, 70 пайызы – партиялық тізімдер бойынша.

### ОРЫНДАЛДЫ

#### 2022 жылы 8 маусымда тиісті Заң қабылданды

50-баптың 3-тармағы. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.





**СМАҒҰЛ БАХЫТБЕК**

АСТАНАДАҒЫ №2 ОКРУТТАН ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

**АСТАНАНЫ БАҚЫТТЫЛАР ҚАЛАСЫНА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ!**

Бұл үшін не жасау керегін білемін

**СМАҒҰЛ БАХЫТБЕККЕ дауыс бер!**  
19 Наурыз

Смағұл Бахытбектің сайлауалды бағдарламасымен танысқыңыз келсе, QR сканерлеп, оның парақшасына өтіңіз!

Тапсырыс беруші: Б. Смағұлов. АСК республикалық бюджет қаражатынан төленді

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне үміткер

**ЕЛУБАЕВ**

1 округ  
Кандидат в депутаты Мажиліса Парламента РК

ДАУЫС БЕРЕЙІК ГОЛОСУЙ ЗА

**19 НАУРЫЗ МАРТА**

Ар-ұжданға сай өмір сүріп, еңбек ету.  
Жить и работать в согласии с совестью.

Тапсырыс беруші: Қ. Елубаев. Республикалық бюджет есебінен төленді

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

№17 ОКРУГ

**19 НАУРЫЗДА ДАУЫС БЕР!**

**ОЛЖАС СЫДЫҚБЕК**

ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ МАҢЫЗДЫ!

Тапсырыс беруші: О. Сыдықбек. Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

**ҚОСЫМША ПОЛИЦИЯ КҮШТЕРІ ЖҰМЫЛДЫРЫЛАДЫ**

Елімізде 10 мыңға жуық сайлау учаскесі құрылды. ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау күні қосымша полиция күштері жұмылдырылатынын мәлім етті.

«Елімізде сайлау күні 10 мың сайлау учаскесі жұмыс істейді. Біз оларды күзетуге міндеттіміз, сондықтан қосымша күштер тартылады. Ол жерге сайлау бюллетеньдері әкелінген кезде олар тәулік бойы күзетіледі, бұған қоса қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін біздің патрульдер нақ сол учаскелерге жақын маңдағы аумақты назарда ұстайды.

Ал күн сайын жалпы саны 12 мың адам болатын патрульдер ауысыммен шығып, ел тұрғындарының тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деді министр.

**19 НАУРЫЗ МАРТА 2023**

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!  
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

www.election.gov.kz

**МЕНИҢ ҰЛТЫМ – МЕНИҢ ҚАЗЫНАМ**

Қазақ ұлттық мемлекетін құруға осы бағдарламаны ұсынамын.

1. Тілі – мемлекеттік қазақ тілін білу басқа ұлт өкілдеріне де міндеттеледі;
2. Жер халықтың меншігінде болуға тиісті; өндіріс, ғимарат, мүліктер, жер үсті, асты байлықтары – халық (мемлекет) меншігінде;
3. Бүкіл қазақ ұлтының жерінде: қарым-қатынас жолдары, бекеттері (әуе, авто, темір жол, теңіз, өзен) халық (мемлекет) меншігінде болуға тиісті;
4. Қазақ ұлтының өсуі: көпбалалы отбасына қамқорлық, пәтермен, коммуналдық төлемдермен, т. б. жеңілдіктермен қамтамасыз етілуіне жатады;
5. Шет елде тұрып жатқан қандастарымызды Отанымызға қайтаруға тиістіміз. Оларға сол үшін қажетті жеңілдіктер беру (мысалы, Ресейде 1 млн, Қытайда 1 млн қазақты өз жерімізге әкелу);
6. Балабақшаның тәрбиесі, бастауыш, орта мектептерде білім алуы мемлекеттің қолдауында ғана болу керек;
7. Орта, жоғары білім алу, денсаулық сақтау саласында, мұғалім, оқытушы мамандық дайындау оқу орындары тек қана мемлекет атуында болу керек;
8. Қазақ халқын баспанамен қамтамасыз ету: қалаларда – мемлекет меншігінде, шағын ауылдарда, жер ауласымен бірге – жеке меншігінде;
9. Жекелеген банктің орнына мемлекеттік жинақ, құрылыс, әлеуметтік, жастар банкі ашылады;
10. Зейнет жасы көпбалалы анаға – 50, әйелге 55 жасынан болуға тиісті деп санаймын;
11. Еңбекақыны 150 мың теңгеге дейін өсіруге;
12. Зейнетқыны 100 мың теңгеге дейін көтеруге;
13. Әр туган нәресте үшін бір айдың ішінде анасына 1 млн теңге көмекке өтеуге;
14. Әр анаға, баласы бір жасқа толғанға дейін, ай сайын 50 мың теңге жәрдемақы төлетуге;
15. Коммуналдық қызметтерге, азық-түлікке, жеміс-жидек, көкөністерге, жанар-жағармайларына, көгілдір отын (газ) бағасын 25% түсіруге меншіктестікке (монополияға) қарсы комитетінің беделін көтеру арқылы;
16. Жеке сот орындаушылардың қызметтерін жойып, оларды Әділет министрлігіне қаратуға;
17. Айыппұл мен салық қарыздарына ғаламтот арқылы өндіруге шек қоюға;
18. Үш ай бойы төленбеген алименттер үшін борышкерлерді қылмыстық жауапқа тартуға;
19. Барлық арнаулы – орта және жоғары білім оқу орындарын жекеден мемлекет меншігіне қайтаруға;
20. 40 жасқа толған және 10 жыл заңгерлік тәжірибесі болған жағдайда ғана барлық соттар сайланады;
21. Аудандық, облыстық, облысқа теңелген қала соттарының, Жоғарғы және Конституциялық соттарының төрағалары, алқа мүшелері соттардың жалпы жиналыстарында сайланады;
22. Облыстық, облысқа теңелген қала соттарының, Жоғарғы және Конституциялық соттарының төрағалары ҚР Мәжілісінде бекітіледі;
23. Алматы мен Жаңаөзен, Шеттеде 1986 және 2011 жж., сонымен бірге Алматыда 2022 ж. болған оқиғаларға

міндетті түрде қатал тексеру мен тергеу өткізілуі тиісті.

Құрметті қазақ қауымы! Осы ұсынған бағдарламаның жобасына өздеріңіздің қосатын, толықтыратын, алатын ой-пікірлеріңізді маған білдіріңіздер!

Мен, үміткер Өтен Сәлім Сағындықұлы, елімізден бірігімін!

Тапсырыс беруші: ҚР Мәжіліс депутатының үміткер Өтен Сәлім Сағындықұлы Республикалық сайлау қорынан төленді

**19 НАУРЫЗ МАРТА**

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ!  
БУДУЩЕЕ НАЧИНАЕТСЯ СЕГОДНЯ!

БІЗДІҢ КАНДИДАТ НАШ КАНДИДАТ

**АНАР СМАКОВА**

Астана қаласы мәслихатының Есіл ауданы №12 сайлау округі бойынша кандидат Смақова Анар Доддабекқызы 1977 жылы 11 қыркүйекте дүниеге келген. Астана қаласы әкімінің №95 «Алматы» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі. Аяулы жар, 4 баланың анасы. ҚР білім беру ісінің уәді.

Біздің мақсат-мүддеміз бір, тілегіміз ортақ. Сіздер сияқты мені де алаңдатар дүние көп. Ендеше нақты бағдарламама тоқталып өтсем:

**БАЛАБАҚША – БАҚЫТ БАСПАЛДАҒЫ**

Мен көпжылдық тәжірибесі бар осы саланың маманы ретінде біздің ауданымыздағы мектепке дейінгі ұйымдардың саны мен сапасын арттыру қажет деп санаймын. Сондай-ақ, жеке-меншік балабақшалар педагогтарының ұдайы білімін жетілдіру үшін мемлекет тарапынан қолдау мен бағыт-бағдар беру жұмысы ұдайы жүргізілуі керек. Ал көпбалалы аналардың балаларын бөбекжайда тегін тамақтандыруды қолға алса құба-құл. Сонымен қатар, балабақша қызметкерлерінің жалақысы, тұрмыс жағдайы, маман тапшылығы мен орын жетіспеушілігі, балаларды тамақтандыру мәселелері – мен баса назар аударатын сала ең алдымен осы. Ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды қолға алу, оларға жөн сілтеп, бірлескен еңбек нәтижелерін

**БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ!**

көру маңызды дүние деп есептеймін.

**БАР ЖАҒДАЙ – БАЛАЛАРҒА**

Мен әр баланың толыққанды өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуді, оның құқықтарын қорғауды, жақсы тәрбие мен білім алу мүмкіндігін қолдаймын. Қазір қала тұрғындары балаларын есік алдына жіберуге алаңдайды. Себебі аулада қаптаған көлікпен бос орын жоқ. Осы бағытта балаларға арналған тұрғын үй аулаларындағы және де ауданымыздағы алаңқайларды жабықтау, қолжетімді спорт секцияларымен қамтамасыз ету өзекті.

**АБАТТАНҒАН АУЛА**

Президент елорданы жылдың кез келген мезгілінде қала тұрғындары мен қонақтарына қолайлы ету мен келбетін мейлінше жақсартуға пәрмен берген еді. Мен де аулаларды абаттандырып, қаламыздың жасыл желекке айналдыру ұсынысын қолдаймын және жүзеге асыруға әзірмін. Қоқыстарды шығару мен қайта өңдеу мәселесін де назардан тыс қалдырмауымыз тиіс.

**ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ – САПАЛЫ МЕДИЦИНА**

«Бірінші байлық – денсаулық» дейді дана халқымыз. Астаналықтар соңғы 10 жылда 2,5 есе өсті. Осы ретте, медициналық инфрақұрылым бұл қарқынға ілесі алмай жатыр. Емханаларда әлі де кезек көп. Дәрігер қабылдауына алдын ала жазылып барайын десең де, 1 ай бойы орын жоқ. Ендеше дәрігерлердің жұктесіні азайтып, медициналық амбулаториялардың санын көбейту керек. Сондай-ақ, ондағы білікті кадр мәселесі мені де алаңдатады. Сондықтан азаматтардың жоғары стандартты, сапалы медициналық

ем қабылдауы менің басшылыққа алар мәселенің бірі болады.

**БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК**

Мүгедектігі бар балаларға арналған арнайы орталықтардың санын арттыру қажет. Барлық балабақшалар мен мектептерде, сондай-ақ, колледждер мен ЖОО-да инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалуы шарт. Сонымен қатар, ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін барлық нысандар пандустармен, бейімделген лифтілермен және дәрет-ханалармен жабықталуы тиіс.

**ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ**

Ардагерлер мен зейнеткерлерге қамқорлық – біздің ортақ міндетіміз. Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектеріне, тыл еңбеккерлеріне және зейнет жасындағы адамдарға лайықты медициналық көмек көрсетуіміз керек. Аға буын өкілдеріне егде адамдар бос уақытын тиімді өткізуге арналған аула клубтарын жандандырып, орын беру мәселесі өзекті. Педагог зейнеткерлерден «Ата мектебі», «Әже мектебі» құрып, жас ата-аналарға, келіндерге тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге болуды қамтамасыз ету керек.

Әрине, көптіріп көп уәде беруге болады, бірақ мен нақты іске асырыналық инфрақұрылым бұл қарқынға ілесі алмай жатыр. Емханаларда әлі де кезек көп. Дәрігер қабылдауына алдын ала жазылып барайын десең де, 1 ай бойы орын жоқ. Ендеше дәрігерлердің жұктесіні азайтып, медициналық амбулаториялардың санын көбейту керек. Сондай-ақ, ондағы білікті кадр мәселесі мені де алаңдатады. Сондықтан азаматтардың жоғары стандартты, сапалы медициналық

Тапсырыс беруші: Смақова Анар Доддабекқызы Республикалық сайлау қорынан төленді

**САЙЛАУДА САЯСИ КВОТА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?**

Мәжілістегі депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны есепке алу – бұл түзетудің басты жетістігі. Бұл жөнінде Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеу институтының жетекші сарапшысы Гүлмира Тоқанова айтты.

Бұл сайлау науқанының маңызды ерекшелігі – партиялық тізімдердегі квотаның кеңеюі және депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны есепке алу нормасы.

– Биылдан бастап Мәжіліс сайлауында партиялық тізімге, әйелдер мен жастардан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандар да саяси үдерістерге қол жеткізуде қиындықтарды бастан кешіретін әлеуметтік санат ретінде енгізілуі тиіс. Квотаның кеңеюі саяси қатысудағы теңдік қағидаттарын және шешімдердің инклюзивтілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда квоталарды бұрын шеттетілген топтардың өкілдері тек осы топтардың (әйелдер, жастар және мүгедектер) мүдделерін қорғайтын механизм ретінде қарастыруға болмайды. Саяси квота тағайындаудың мақсаты – пікірлер плюрализмін қамтамасыз ету, біржақты (гендерлік немесе әлеуметтік негізделген) көзқарасты жеңу және ортақ игілік үшін шешім қабылдауда мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету, – деді ол.

Сарапшының пікірінше, Мәжілістегі депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны есепке алу – бұл түзетудің басты жетістігі. Себебі бұл түсініктеме болмаса, квотаның мән-мағынасы жоғалатын еді. Бұл жерде бұрынғы түзетудің қателері ескерілгені жайлы айта кету керек, яғни әйелдер мен жастарға арналған 30 пайыздық квотаның тек тізімдерді тіркеу кезінде ғана жүзеге асырылуы түзетілді.

– Сайлауға қатысу квотасы (партиялық тізім) биліктің заң шығарушы тармағында бұрын өкілдік етпеген қоғамның топтары үшін саяси қатысу квотасына айналды. Квотаға мүгедектерді енгізу және Мәжілістегі депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны есепке алу азаматтардың заң шығару процесіне қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге және бүкіл қазақстандық қоғамның мүдделерін қорғауға арналған. Квота механизмін жетілдірудің келесі қадамы мәслихаттардағы квотаны есепке алу нормасы болуы тиіс, – деді ҚСЗИ жетекші сарапшысы Гүлмира Тоқанова.





## ҮМІТКЕРЛЕР ҚОЛЖАЗБА ОРТАЛЫҒЫНДА БОЛДЫ

Елорданың Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ұжымына Amanat партиясынан ҚР Парламентінің Мәжілісіне депутаттыққа кандидаттар Дихан Қамзабекұлы мен Жұлдыз Сүлейменова сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

Орталық директоры Жандос Болдықов 2017 жылы құрылған мекеменің қалыптасу жолы мен тындырған жұмыстарын баяндай келе, 23 маманнан тұратын шағын ұжымның жеке ғимараты жоқтығын, қызметкерлерінің төмен жалақысы мен реставратор секілді кәсіби мамандардың жетіспеуін, жаңа технология алуға қаржы марадымыз бөлінетінін жеткізді. Партияға аманат ретінде орталықтың ұлттық мәртебесіне сай қаржы бөлгізуге ықпал етуді, елдегі түрлі деңгейдегі 90 қорды осы мекемеге жинауды, жеке ғимарат мәселесін шешуді, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында реставратор мамандығын ашуды ұсынды.

Мәжіліс депутаттығынан үміткер Ж.Сүлейменова Орталық проблемасы Парламенттің өткен шақырылымынан таныс екенін, әріптес депутаттармен бірге салалық министрліктің бұрынғы

басшылығына сауал жібергенін және мекеменің ғылым саласында болуын қолдайтынын жеткізді. Ж.Болдықов: «Amanat партиясының алға қойған мақсаты – әрбір азаматтың өмір сапасын арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, есеп беретін және халық үніне құлақ асатын мемлекет құру. Ұлттық орталыққа келген үміткерлер саяси ұйымның нақты жоспары, міндеті туралы толымды ақпарат берді. Біздің мәдениет пен білім саласына қатысты ұсыныстарымызды мұқият тыңдап, хатқа түсіргеніне де ризамыз» деп риясыз пейілін жеткізді.

Кездесуде бұрынғы «Кітап музейі» мұрасын, Ғылыми кітапханадағы қолжазба қорын бір орталыққа жинақтау, Ұлттық ғылым академиясын, жетекші ғылыми-зерттеу институттарын Астанаға көшіру, тағы басқа мәселелер көтерілді.



## АУЫЛҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК

«Ауыл» партиясынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат Болатбек Қыстауов, София Әбдіразақова, Ілияс Досқожаев, Нұркен Қаржаубаев және түрлі деңгейдегі жергілікті мәслихаттарға кандидаттар Қызылорда облысының сайлаушыларымен кездесті.

«Ауыл» партиясы мен «Мансап» жекеменшік мектебі Қызылорда қаласында ауыл ұстаздарын қолдау мақсатында шара ұйымдастырды. «Білімді ұрпақ ауылдан» деп аталған осы жиынға «Ауыл» партиясынан Мәжіліс депутаттығына және түрлі деңгейдегі жергілікті мәслихаттарға кандидаттар қатысты. Жиында жас педагогтарды ауыл мектептеріне жұмысқа тарту, ауыл мектептерінің ақпаратқа қолжетімділігін арттыру мәселесі талқыланды.

– Бүгінгі ауыл мен қала арасында бірден көзге ұратын айтарлықтай әлеуметтік алшақтық бар. Қала мұғалімдерінде білімін дамыта алатын мүмкіндік мол. Ауыл және қала жастарына берілетін мүмкіндіктер арасы да жер мен көктей. Жастар болашақын өз ауылымен байланыстыру үшін алдымен тұрақты жұмыс, лайықты еңбекақы, өмір сүруге қолайлы инфрақұрылым, жол, су, газ проблемасы шешілуі керек. «Ауыл» партиясының

көздегені – ауылға ерекше назар аудару. Ауыл мен қала арасындағы білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларының қызметтері сапасындағы айырмашылықты айтарлықтай қысқарту. «Дипломмен – ауылға!», «Ауылға кел, жас маман!» бағдарламасын қайта қарау және оған заман талабына, жастар мүддесіне сай түзетулер мен толықтырулар енгізу. Ауылдарда жастарға арналған шаралар өткізетін, ұйымдастыратын орталықтар мен мәдениет үйлерін, спорт секцияларын ашуға бастамашы болу. Біздің партия Мәжіліске осы аталған мәселелердің түйінін тарқатып, жүзеге асыру үшін барады. Сіздер қолдап біз Мәжіліске барып жатсақ, тізе қоссақ алынбайтын асу болмайды. Сайлауда бізді, «Ауыл» партиясын қолдаңыздар, – деді мектеп құрылтайшысы, «Ауыл» партиясынан Мәжіліс депутаттығына кандидат София Әбдіразақова.



## МЕТА-ФОРУМ ӨТКІЗДІ

Respublika партиясы мета-форум өткізді. Форум барысында адами капиталдың маңыздылығы, Қазақстандағы креативті индустрияның дамуы, сондай-ақ елдің экономикалық әлеуетін арттырудағы IT саласының рөлі сияқты маңызды тақырыптар талқыланды.

Сондай-ақ форум алаңында IT-жобалардың көрмесі ұйымдастырылды. Мұнда білім, агроөнеркәсіп, экология, жасанды интеллект және т.б. салалардағы 10 стартап бар. Көрменің негізгі міндеттерінің қатарында IT өнімдерін танымал ету және оларға жастардың танымдық қызығушылығын арттыру міндеті бар.

Одан бөлек, өңірлерде кездесулер жалғасуда. Партиядан Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат, сондай-ақ марафоншы, Alau Pro жүргіру мектебінің негізін қалаушы Айтуар Қошмамбетов халықпен кездесулерінің бірінде балалар мен бұқаралық спортты дамыту жолын айтты.

– Біз еліміздің барлық өңірінде балалар мен бұқаралық спортты дамыту инфрақұрылымын құруға, кәсіпкері клубтардың бюджетін қайта бөлуге көбірек көңіл аударуымыз керек. Бұл жүгіру, жаяу жүру, жекпе-жек, жүзу

және т.б. бұқаралық спорт түрлерінің таралуын ынталандыруға мүмкіндік береді, – деді кандидат.

Respublika партиясының тең төрағасы Максим Барышев – экотәсілдерді жүзеге асырушылардың бірі. Алматыда еліміздегі ең алғашқы эко-кеңселердің бірін ашқан. Оның «Учет.kz» компаниясының кеңсесінде экологиялық технологияның барлық түрі қолданылады. Ол азаматтардың бойында экологиялық мәдениетті, экологиялық ойлауды қалыптастыру қажет деп есептейді.

– Жаңа сүзу технологияларын қолдана отырып, барлық жерде шығарындыларды азайтуға болады. Біз халықты электромобиль сатып алуға ынталандыруды ұсынамыз. Ол үшін, мәселен, қоғамдық автотұрақтарды тегін жасауға, қалалардағы және елді мекендер арасындағы зарядтау бекеттерінің санын көбейту керек, – деді Respublika партиясының тең төрағасы.



## ХАЛЫҚТЫҚ БИЛІКТІ ҚОЛДАЙТЫН ПАРТИЯ

Қазақстан Халық партиясының Қостанай облыстық филиалының өкілдері «Allur» Ұлттық көлік өндірушісі компаниясына барып, үгіт-насихат жұмысын жүргізді.

Партия мүшелері қуатты орта тап қалыптастыру, прогрессивті көрсеткіш бойынша есептелетін салық енгізу, сән-салтанат салығын енгізу, ҚҚС-ты жою және қаржы айналымына салынатын бірыңғай салық (5 пайыз) енгізу, шығыны көп іс-шаралардан бас тарту, зауыттар мен фабрикалардың санын көбейту, заңсыз жекешелендіру қорытындысын қайта қарастыру және тағы басқа мәселелердің қажеттілігін атады.

Айта кететіні, Халық партиясының бағдарламасында аудиторлық палата Мәжіліс құрамында болуы қажет, сот пен құқық қорғау жүйесіндегі жемқорлықты жою, судьяларды халық сайлауға тиіс, сайланатын және мәслихатқа есеп беретін өкімдер, биліктегі әйелдердің санын арттыру, барлық саяси партияларды тіркеу, азаматтық қоғамды

дамыту, қандастарды елге қайтаруға жағдай жасау бастамасын көтеруде.

\*\*\*

Қазақстан Халық партиясын қолдаушылар үндеу жолдап, партияны қолдауға шығаруда. Соның бірі – сайлаушы Анар Дүкенбаева.

Ол: «Біз әйелдердің – 58, ерлердің 60 жаста зейнетке шығуын қолдаймыз! Халық партиясы аналардың еңбегін ақылы етуді және әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесін көтеруді ұсынады. Біз көпбалалы және мүгедек балалардың ата-аналарының тұрақты мәртебесін бекітуді ұсынамыз.

Мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-ана 55 жасқа дейін зейнетке шығуы тиіс және олар үшін қысқартылған жұмыс күні белгіленуі қажет» деді.



## ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА – БАСТЫ ҚАҒИДА

Baytaq партиясының төрағасы Азаматхан Әміртай әлеуметтік желіде тікелей эфирге шығып, мәлімдеме жасап: «Қазақстандағы ең маңызды экологиялық проблемалары әлі шешілген жоқ. Семей полигоны планетадағы ең ластанған орындардың бірі болып қала береді. Ал Арал теңізінің құрғақшылығы бүгінгі күнге дейін табиғат пен халықтың денсаулығына зиянын тигізуде. Біздің партия осы мәселелерді шешуге, елдегі болашақ ұрпақ үшін тұрақты ортаны қамтамасыз етуге бар күшін салады» деді.

\*\*\*

Тележүргізуші Динара Сәтжан Бауытас жасылдар партиясы атынан Қазақстан Мәжілісі депутаттығына үміткер Жанат Саматтан сұхбат алды. Тікелей эфир Instagram-да жүргізіліп, партияның алдындағы міндеттер сараланды. Үміткер жасыл экономиканы көтерудің мән-жайын жан-жақты түсіндіріп, қолайсыз экологиялық жағдайға назар

аударды. Яғни жасыл саясат қағидаттары: әлеуметтік әділеттілік, халықтық демократия және экологияға ұқыпты қарау қағидаттарын қолдау және жүзеге асыруды атады.

\*\*\*

Жасылдар партиясы үгіт-насихат жұмыстарын үдетіп, өңір-өңірлерде сайлаушылармен кездесуде. Baytaq партиясынан Мәжіліс депутаттығына үміткер Нұрлан Көптілеуов «KazRostIngeneryng» АҚ ұжымымен кездесті. Жасылдар партиясының өкілі жиналғандарды сайлауалды тұғырнамасы, партияның таяу болашақтағы мақсаттары мен міндеттері жөнінде хабардар етті.

Сондай-ақ компанияның жер емген диқандарды қолжетімді агротехникамен қамтамасыз ету бағытындағы батыл қадамы мен игі істеріне қолдау білдірді. Экологиялық проблемалармен қатар, халықтың табысын арттыру мен әлеуметтік мәселелерді шешуге басымдық беруді көздеп отыр.



## ЖАҢАӨЗЕНДЕГІ ЖҮЗДЕСУ

«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, төраға орынбасары Қазыбек Иса, партия атынан Мәжіліс депутаттығына кандидат Азат Өтепбай 14 наурыз Амал мерекесін халық ортасында өткізуді мақсат тұтып, Жаңаөзен қаласына барды.

Штаб өкілдері алдымен Бекет ата басына зиярат етуден бастады. Жолда Шопан ата, Оғланды зираттарына құран оқыды. Құтпан намазын Бекет ата басындағы мешітке оқыған зиярат етушілер Бекет ата өмірімен танысып, әулиенің рухына дұға бағыштағаннан кейін «KMG EP Catering» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті. Кәсіпорын ұжымы да «ақжолдықтарды» Құрманғазының әйгілі «Адай» күйімен қарсы алып, қазақтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген салт-дәстүріне сай қонақжайлық танытты. Партия жетекшісі жиында саяси бағдарламаны таныстырып, Парламентте атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Ақ жол» партиясы – елдегі ең тәжірибелі партиялардың бірі. Сайлаушылармен кездесуде біз тек партия бағдарламасы мен жоспарларымыз туралы ғана айтпай, сайлаушылар алдында атқарылған жұ-

мыстар жөнінде де есеп береміз. Соңғы 3-4 жылда, Қ.Тоқаев президент болып сайланғалы бері, 10-12 жылдан бері табандылықпен ұсынып келген «Ақ жол» партиясының бастамалары жүзеге аса бастады. Мысалы, қазір көпшіліктің несиесі бар, бұл – халық мойнындағы қамыт. Біздің партия 8 жыл бойы «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заңды қабылдау үшін күресіп келді. Сергіз жыл бойы Үкімет ұсынысымыздан бас тартып келген. Биылғы жылдың 3 наурызында бұл заң күшіне енді. «Ақ жол» партиясы Парламенттік фракциясы құрылған соң өз жұмысын жалғастырады, – деді А.Перуашев.

Жиын барысында «Ақ жол» партиясының кандидаттары партия бағдарламасын таныстырып, әлеуметтік әділеттілік, қаланың инфрақұрылымы, медициналық сақтандыру, халық тұтынатын тауарлар бағасына қатысты мәселелерді талқылады.



## ӨНІРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР КӨТЕРІЛДІ

Жалпыұлттық социал демократиялық партиясы (ЖСДП) атынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына бірмандаттық аумақтық округ бойынша кандидат Дамир Жақанов «Фармаком «ИМПЭКС» ЖШС қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Кездесуде кандидат жиналған қауымды партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды. Кездесуде сараланған салық салуды енгізу қажеттілігі мәселесі көтерілді. Іс-шара соңында Дамир Жақанов тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ ЖСДП-дан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидат Нұртай Қожаханов «Interoil&Services Kazakhstan» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті.

Нұртай Қожаханов сайлаушыларды сайлауға белсене қатысуға, өз таңдауын жасауға шақырды. Сонымен қатар кездесу барысында жұмыскерлерді партияның сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарымен таныстырды.

ЖСДП-дан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына партия тізімі бойынша кандидат Мирамбек Камалов «Aqtobe su-energy group» АҚ еңбек ұжымымен кездесу өткізіп, партияның басымдық беріп отырған басты бағыттарын таныстырды.

Жалпыұлттық социал демократиялық партиясы жемқорлықтың алдын алу, білікті мамандардың шетел асуының алдын алу үшін Қазақстанда тегін білім беру жүйесін қалыптастыру, халықтың өмір сапасын жақсарту... сынды өзекті мәселелерді көтеріп, жұрттың ыстық ықыласына бөленген еді.

Осыдан бұрын ЖСДП белсенділері «Үгіт-насихат пойызы» аясында Алматы облысы, Іле ауданына барып, үгіт-насихат шараларын өткізген болатын.



Озық елдерде адамның өмір сүру сапасы – ауызсудың сапасымен өлшеніп, керек болған жағдайда, Антарктидадағы мұздықтарды ауызсу ретінде тұтынуға жағдай жасайды. Яғни бірінші кезекте халқына сапалы сумен қамтамасыз етуді басымдық етеді. Тіпті тұрмыстық және ауыл шаруашылығы секторына керекті суды тиімді пайдалану жолын қарастырып, қолда бар су ресурсын қорғап, оны цифрлы технологияны қолдану арқылы өндіріп, тасымалдау тәсілін жаңғыртуды және үнемдеуді жолға қояды. Өйткені су – өмірдің өзі, экономика көзі. Біз осыны дұрыс бағалап жүрміз бе? Ауызсудың қоры қанша жылға жетеді, оның сапасы қалай?

ЖЕР БЕТІНІҢ

74%-ын

СУ АЛЫП ЖАТСА,  
СОНЫҢ 2,5%-ы –  
ТҰШЫ СУ ҚОРЫБҰҰ МӘЛІМЕТІНЕ  
СЕНСЕК, ӘЛЕМДЕ

2,5 млрд

АДАМ СУ  
ТАПШЫЛЫҒЫН  
СЕЗІНІП ОТЫР

СУ –

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕСУ ҰЛТ ҚАУПСІЗДІГІ  
МӘСЕЛЕСІНЕ АЙНАЛДЫ

Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында айтқан сөзі.

Жер бетінің 74 пайызын су алып жатса, соның 2,5 пайызы – тұщы су қоры. Оның көп бөлігі – Гренландия мен Антарктида мұздығына тиесілі. БҰҰ мәліметіне сенсек, әлемде 2,5 миллиард адам су тапшылығын сезініп отыр. Африканың тұрғындары сапалы ауызсудың жетіспеушілігінен гастроэнтерит, холера, іш сүзегі сынды ауруға ұшырауда.

Елдегі аз ғана су ресурсын қорғап, тиімді пайдалануды жолға қоймасақ, африкалықтардың күйін кешпеуімізге ешкім кепілдік бере алмайды.

Қазірдің өзінде халықты ауызсумен қамтамасыз етуде түйткілдер аз емес. Біріншіден, инфрақұрылымның тозығы жетті. Салда автоматтандыру мен цифрландырудың деңгейі төмен. Ағын судың режимі мен су қоймаларын зерттеу үшін 800 гидрологиялық бекет керек болса, соның 310-ы ғана жұмыс істеп тұр. Бұл су ресурстарының мөлшері мен сапасын мониторингтеуге және экономиканың саласын сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты теңгерімі жоқ. Қысқасы, мемлекеттік су кадастры жоқ. Бәрінен бұрын, су шаруашылығы инфрақұрылымын түрлі мемлекеттік орган басқарады, соның салдарынан су ресурстарына қатысты тиімді саясат жүргізілмей отыр. Бұл – Президенттің Үкіметке қарата айтқан ескерту сөзі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алаңдауы орынды. Еліміз барлық өзендердің төменгі сағасында орналасқан. Көрші елдер экономикалық тұрғында қарқынды дамып келе жатқанын ескерсек, суға деген қажеттілік артатыны белгілі. Мәселен, 1979 жылы КСРО мен ҚХР-дың ортақ келісіміне сай Іле мен Ертістің жоғарғы ағысында 400-500 мың гектар жерден артық жер игермесе, қазір оның көлемі 2-2,5 миллион гектар жерге жетті. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан арқылы ағып өтетін Сырдария өзенінің бойындағы 30 миллионнан астам халық суды ауыз және шаруашылық суы ретінде тұтынып отыр.

Адам үшін ауадан кейін қажеттілік су десек, оның тапшылығын қатты сезінетін елдің бірі – Қазақстан болмақ. Тіпті сарапшылардың пікірінше, 1 тамшы судың бағасы 1 грамм алтыннан қымбат болып, қазба байлық ретінде бағаланады.

Сенатта Жоғарғы палата спикері Мәулен Әшімбаевтің төрағалығымен өткен дөңгелек үстелде су қауіпсіздігі мәселесі талқыланды. Бұл отырыста су саясатына қатысты жаңа, зама-

науы тәсілдерді белгілейтін Су кодексінің әзірлеудің мән-жайы айтылды. Демек, мемлекеттік деңгейде суды тиімді пайдалану және ресурс ретінде бағалау саясаты жетіліп келеді.

Кезінде Су ресурстары жөніндегі комитетті басқарған Ислам Әбіштен мән-жайды білдік.

– Кеңес үкіметі тұсында Қазақстандағы жер астындағы су кездерінің координаты, көлемі, сапасы толық зерттеліп, су қоры 15 миллиард текше метр деп есептелді. Бұл – ғылыми тұрғыда дәлелденген жоба. Осы координаттар бойынша қайта мониторинг жүргізу маңызды. Жобада ел бойынша 90-95 миллиард текше метр жерасты су қоры бар десек, оның 55-60 пайызы өзен-көлдермен тікелей байланысты. Бұл – біздің стратегиялық қорымыз. Келешек ұрпаққа аманаттайтын байлығымыз, – деді білікті су маманы Ислам Әбіш.

ӨЗЕН ЖАҒАЛАҒАННЫҢ  
ӨЗЕГІ ТАЛМАЙДЫ

Халық санының өсуі, экономиканың су тұтынатын секторлары дамуына және Орталық Азиядағы климаттың өзгеруіне теріс әсер етіп, жыл сайын су тапшылығын тудырады. Қазақстандағы судың 42 пайызы трансшекаралық өзендер – Жайық, Ертіс, Іле, Талас, Сырдария өзеніне тиесілі. Олар басын Ресей, Қытай және Орта Азия елдерінен алады. Бір ғана Қытайдан 34 өзен ағып келсе, оның 7-уі қара Ертістің сағасы екен.

Кейінгі жылдары Ертістің суына алаңдайтын адамдар қатары көбейді. Алайда Ислам Әбіш бұған ешқандай негіз жоқ екенін алға тартты. Қайта Ертіс өзенінің Павлодар, Абай облысы аймағында 1 миллион гектар суармалы егіс алқабын ашуға болатынын дәйектеді.

– 1886 жылдан бері Ертіс өзенінен ағатын су мөлшерін арнайы жазып отырған гидробекеттер

болды. Статистикалық мәліметтер «Қазгидрометтің» РМК Шығыс Қазақстан облысындағы филиалының архивіндегі құжаттарда сақтаулы. Әлгі құжаттардан Қытай елі Қара Ертіске қол салмаған кездің өзінде кей жылдары өзеннің суы мол немесе аз болғанын көруге болады. Енді 7, 10, 12 жылдық циклмен саралайтын болсақ, 1901 жылдан 2022 жылға дейінгі уақыт аралығында өзеннің орташа су ағыны деңгейлес болғанын байқауға болады. Бір жыл бойына байланысты біресе азайып, біресе көбейіп отыруы – заңдылық. Жалпы Ертіс өзенінің 70-75 пайыз суы Қазақстанда құрылады, – деді су маманы.

Іле өзенінің жайы бөлек. Бұл жерде мемлекет аралық су бөлісу маңызды рөл атқарады. Өйткені Іле өзені суының 80 пайызы көрші елдің аумағында жиналып келеді.

– Халықаралық өкілімізде суды бөлісудің екі жолы бар. Біріншісі – тарихи негіз бойынша, яғни ертеректе өзен немесе көлдің ағыны қалай болды, соны негізге алу. Екіншісі – қазіргі уақытта кім қанша пайдаланып отыр, сол бойынша бөлісу. Бұл дегеніміз – кімде қанша халық бар, сол бойынша есептеу. Қытай тарапы екіншісін ұсынатыны анық. Әрине, бұл біздің ел үшін тиімсіз. Біздің су тұтыну деңгейіміз көрші елдермен салыстырғанда төмен. Мейлі, өндірістік, мейлі, ауылшаруашылығы бағытында болсын, – деді И.Әбіш.

Өзен суының көп мөлшері ауыл шаруашылығы саласында қолданылатыны белгілі. Статистика мәліметі бойынша, 1991 жылы 2 миллион 485 мың гектар суармалы жер болса, 2019 жылы оның көлемі 1 миллион 435 мың гектарды құрады. Яғни суармалы егістіктің көлемі екі есеге қысқарды. Бұл суды тұтыну деңгейіне теріс әсер еткені сөзсіз.

Міне, Қытай елі Іле өзенінің суын бөлісуде нақты фактіге сүйенуге шақыратыны сондықтан. Қытай Іле мен Ертіс өзені бойындағы жердің 70 пайызын игеру мақсатында 30 миллиард шаршы метр суды туннель арқылы бұрып алу бағдарламасын дайындады. Сондай-ақ Шыңжаң өлкесін игеруге бағытталған «635» бағдарламасын түзді. Дерек көздерінен бұл бағдарлама белгілі бір деңгейде іске асқанын білуге болады.

Сырдария және Жайық өзенінің мәселесі мүлде күрделі. Неге десеніз, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан аумағынан өтетін Сырдария өзені 30 миллионнан астам халықты әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Қырғыздар мен тәжіктер электр ресурсын өндірісе, өзбектерде дария суы – өмір мен өлім мәселесіне тең, өйткені ауылшаруашылығы бағытында тұтынады. Ал Жайық өзеніне келетін болсақ, басын Ресейден алып, Челябинск, Омбы губерниясы және Башқұртстан аумағынан өтеді. Бұл өзеннің бойында мыңнан астам бөген бар. Оның үстіне, Солтүстік Оралда химия, металлургия сынды ірі зауыттар Жайықтың суын қолданады.

Суды бөлісуді реттейтін мемлекет аралық комиссия трансшекаралық өзендерді өз мүддемізге бұрып, Қазақстанның көліктік-логистикалық кешені және тағы басқа табиғи қазба байлықты алға тартып, ықпал ететін «көзір» ретінде пайдаланып, суды тең бөлуге мүмкіндік тудыруы керек. Олай болмаса, өзен жағалаған жұрттың өзегі талғалы тұр.

ЕЛОРДАДА СУ САПАСЫ  
ҚАЛАЙ, МӨЛШЕРІ  
ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Астана – ел экономикасының драйвері, ірі мегаполис екенін ескерсек, ең бірінші, судың қауіпсіздігі мен қолжетімділігін ойлауымыз маңызды. Бұл – мемлекет деңгейіндегі аса маңызды іс.

Ең бірінші, бас қала қарқын суға төтеп бере ала ма? Дәл қазір осы сұрақ өзекті.



2017 жылы Астана су арнасына (сыйымдылығы – 445 миллион текше метр) көп мөлшерде су келіп, одан артылғанды мегаполисті қарқын судан қорғайтын қорғаныс дамбасына қарай жіберілді. Онда 350 миллион текше метрге дейін су жайылды. Сол кезде 1 миллиард су келсе не істейміз деген сұрақ тұынды. Су мамандары көп мөлшердегі су келген жағдайда айналып өтетін канал арқылы қарқын суды өткізуді ұсынды. Бұл канал Нұра өзеніне құйып, әрі қарай далаға кететіні есептелді. Яғни Астана қаласына қарқын судан қауіп жоқ.

Есіл өзені қар мен жауын-шашын суынан жиналады. «Астана су арнасы» осы өзеннен толады, мұны елордалықтар тұтынып отыр. Қала тұрғындарының арасында ауызсудың сапасына қанағаттанбайтындар аз емес. Елорданың ауызсуы сапасыз дегенге «Астана су арнасының» мамандары келіспейді.

– Жыл сайын сынақ зертханасы 70000 бақылау пунктінде, оның ішінде су көзін, ауызсуды сумен жабдықтау желісіне кірер алдында және тұтынушыдағы тарату желісінде 236800-ден астам талдау жүргізеді. Астана су құбырларының ауызсуы барлық көрсеткіші санитарлық-эпидемиологиялық талапқа сәйкес келеді. Эпидемиологиялық тұрғыдан ауызсудың қауіпсіздігіне және химиялық құрамы бойынша зиянсыздығына кепілдік береміз. Судың сапасын бақылау саласындағы заманауи жетістіктер: атомдық абсорбциялық спек-

трометрия, газ хроматография, иондық хроматография қолданылады. Бүгінде ИЛ-ді аккредиттеу саласында 100-ге жуық көрсеткіш бар. Тұрақты өндірістік бақылау 52 көрсеткіш бойынша жүргізіледі. Судың құрамындағы 20 органикалық қосылыс және 16 металл құрамы және 6 микробиологиялық көрсеткіш анықталып, ұдайы бақыланады, – деп жауап берді «Астана су арнасының» баспасөз хатшысы Назгүл Талипова.

Ақиқатында сапасыз су адам денсаулығына зияны мол. Мамандар су құрамындағы карбонатты керметтік (кальций, магний тұздары) бүйрек, неспеп жолдарына тас байлайды дейді. Көп мөлшердегі темір өңештің, асқанның, шектердің функциясына зақым келтіріп, ақырында азғаны улануға соқтырады. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, адамдардың денсаулығы, негізінен, сапасыз судың салдарынан нашарлайды.

Судың сапасы түсінікті. Енді мөлшері жеткілікті ме?

– Астана су арнасына 450 миллион текше метр жинай алады. Елордаға бір жылға 95-110 миллион текше метр су шығындалады десек, 3 жылға керекті су қоры жиналады. Егер су қозғалысыз тұра берсе, балдыр шығып, сапасы төмендейді. Аумақта қуаңшылық болып, Есіл өзені суалған жағдайда не істейміз? Осының алдын алу мақсатында Сәтбаев каналынан Есіл өзеніне су әкелу жобасы әзірленді. 12 шақырым жерден труба арқылы әкеліп, Есілге қою қаралды. Бұл жоба өте қымбатқа түсті. Себебі Есіл өзенінің арнасы кен болғандықтан трубамен келген су жайылып, ағысы азаяды, сосын буланып, су көп мөлшерде шығындалады. Яғни 100 текше метр су айдалса, су қоймасына 20-25 текше метр су келіп, пайдалы әсер коэффициенті 25-30 пайыз ғана құрайды. Өртүрлі ұсыныс болды. Астана қаласына дейін трубамен әкелуді ұсынғандар болды. Бұл жоба өте қымбатқа түсті. Өзен арнасын тарылтып, оны бетондауды ұсындық. Бұл бірнеше есеге арзан түсті. Осылайша суды қосымша жинаудың жолы қарастырылды, – деді Ислам Әбіш.

Бұл – су арнасына қосымша суды жанау тетігі болса, осы суды өндіріп, қала тұрғындарына жеткізу екінші мәселе. 2013 жылғы жоспарлау бойынша 2025 жылы қала тұрғындары 1 миллион 200 мың болатыны есептелсе, қазірдің өзі бұл көрсеткіш 89 мың адамға асты. Оған биік-биік тұрғын үйлердің тығыз салынуы су қысымына теріс әсерін тигізіп, су өндіру қуатының тапшылығына әкеледі.

– Жоспар бойынша Астана қаласы бойынша тәулігіне 305 мың текше метр су тазарту қаралса, қазіргі көрсеткіш 318 мың текше метрге жетті. Қала тұрғындары, әлеуметтік және кәсіпкерлік субъектілерін үздіксіз сумен қамтамасыз етуде 20 мың текше метр болатын 4 су қоймасы бар. Бұл су құбыры желісіндегі су қысымының төмендеуіне әкеледі. Әсіресе сенбі, жексенбі және мереке күндері, ауа температурасы күрт төмендеген кезде суды тұтыну деңгейі артып, сумен жабдықтау желілеріндегі қысымның төмендеуі байқалады. 2021 жылдың қараша айынан бастап жаңа сорғы және сүзгі стансасының құрылысы жүргізіліп, 2023 жылы аяқталуы керек. Бұл іске қосылған кезде суды өндіру деңгейі бір қалыпқа түседі, – деді су арнасының өкілі Назгүл Талипова.

## P.S:

Ел Үкіметі суды стратегиялық ресурс деп бағалап, оны қорғаудың концепциясын түзіп, ұзақмерзімді жоспар құруы маңызды. Өйткені XXI ғасырдың соғыстары алтын немесе мұнай үшін емес, су үшін болады. Байкал көлі әлемдегі ең көп тұщы су көзі болса, Солтүстік мұзды мұхитындағы су ресурсы Ресейді ең бай елге айналдырады. Сарапшылар арасында қазір Батыс пен АҚШ-тың Украинаға ұдайы көмек көрсетуінің астарында Ресейдің су қорына қол жеткізу мәселесі тұрғанын қолдайтыны бар. Олай болса, қазірдің өзінде суға күрес басталып кетті.







## ӨРТ СӨНДІРУ – ӨЖЕТТЕР ІСІ

Өрт сөндіру қызметі туралы аз жазылмайды. Бұл мамандықтың ыждаһаттылық пен шеберлікті, ұқыптылық пен шапшаңдықты қажет ететіні де үнемі айтылып жатады. Тәуліктің кез келген уақытында «бес қаруы» әзір отыратын қызмет иелері басын үнемі қатерге тігіп жүретін ержүректілігін де ұмытуға болмайды. Ержүректілік дегенде ойыма өткен жылы елордада өртке оранған пәтерден бес адамды аман алып шығып, өзі мерт болған қаһарман өрт сөндіруші Асқар Забикулин оралды. Тілсіз жаумен бетпе-бет келіп, бейкүнә адамдардың өмірін құтқарып қалу бейбіт күндегі нағыз ерлік емес пе?!

### Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Бас қаланың Қабанбай батыр даңғылындағы №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне келгенімізде, бізді бөлімше командирі Манас Арыстанбаев қарсы алды.

«Біздің жұмысымызға тілшілердің назар аударып, еңбегімізді ескергені қуанышты ғой. Күніміз жақсы жаңалықпен басталды. Енді күні бойы көңілді жүретін болармыз» деп әзілдеді.

Штаттыңда 96 адам қызмет атқаратын аталған өрт сөндіру бөлімшесі 2009 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қазір мұнда 6 негізгі, 4 арнаулы, 2 қосымша өрт сөндіру машинасы мен мамандандырылған техника күні-түні түрлі жағдайға сақадай сай әзір тұрады.

Біз барғанда жұмыс күні

жаңа қызып жатқан таңертеңгі мезгіл болатын. Ғимаратты аралап, өрт сөндіру техникаларын көріп, қызметкерлермен таныстық. Сол сәтте қарауыл бастығы Дархан Тайбасар мен бөлімше командирі Манас Арыстанбаев ауысым кезекшілігіндегі жүргізуші Нұрсұлтан Әлімжанов пен аға өрт сөндірушілер Арман Айтбаев, Әділ Бұсырманов, Данияр Кертаймен бірге бүгінгі жұмыстың жай-жапсарын талқылап жатты.

Бір кезде диспетчерлік орталықтан «Тыңдаңыздар, дабыл! Айнакөл көшесі, 149 мекенжайындағы техникалық қызмет көрсету стансасы мен жанындағы жекеменшік үйден өрт шықты» деген хабарлама келіп түсті.

Қарауыл бастығы Дархан Тайбасар әріптестеріне киініп, жолға шығуға бір минут қана уақыт беріп, өзі соны жіті бақылап тұрды.

Жігіттер өте шапшаң қи-



мылдап, белгіленген уақытта оқиға орнына аттанып кетті.

«Біздің жұмысымызда өте тез қимыл керек. Өрттің ішінде адамдар қалып қоюы мүмкін, бірінші кезекте соларды құтқару міндеті тұрады» деді бізге бөлімше командирі.

Оқиға орнына екі «АЦ 5-40»

өрт сөндіру машинасы бар-жоғы 7 минутта келіп жетті. Абырой болғанда, адамдар аман. Төніп тұрған қауіп жоқ. Өрт техникалық қызмет көрсету стансасының төбесінде тұтанып, жапсарлас тұрған тұрғын үйге жалғасқан екен. Жігіттер өрт орны мен таралу аумағын анықтап, бірден тілсіз жауды ауыздықтауға кірісіп кетті. Шлангілер су құбырына қосылып, әп-сәтте шарпыған жалынның бетін қайтаруға бағытталды. Сөйтіп, бас-аяғы 6-7 минуттың ішінде өрттің қаупі сейіліп, жарты сағатта ол тұтастай өшірілді.

– Мұндай аумағы 100-150 текше метр жалын ошағын бірнеше минутта сөндіруге болады. Бізге ең қиыны – көпқабатты үйлердің жоғарғы қабатында тұтанған от. Оның үстіне қазір адамдар, қанша ескертсек те, алдын ала үгіт-насихат жұмысын жүргізсек те, нәтиже шығармай, үйдің жанына машиналарын қаз-қатар самсатып қаңтарып кетеді. Міне, осындай сәтте жанып жатқан жерге бірден жете алмай, уақыт өткізіп аламыз. Соның салдарынан кей кезде өрт сөндіру жұмысы тәулік бойына жалғасып қана қоймай, өзгелерді құтқару барысында өрт сөндірушінің өз өміріне де қауіп төніп жатады. Мойындау керек, біздің жігіттердің дайындығы мықты. Баспалдақты қолдануды, жүгіріп, секіруді, түтіннен қорғану құралдарын қолдануды, жанып жатқан бөлмеге кірген кезде қалай іс-қимыл жасауды шебер меңгерген. Міне, біз таңдаған мамандық осындай қиыншылықпен күнделікті бетпе-бет келіп, оқыс



да, өрт сөндірушілердің әр минуты, әр секунды санаулы. Жұмыс кестесі тығыз. Жауынгерлер әрқашан қандай жағдайға да сақадай сай болуы керек. Спортпен күнделікті айналысады. Өрт қауіпсіздігі ережелері мен қағидаларын қайта-қайта пысықтап, техникалық құрал-саймандарының толыққандылығын ыждаһатты тексеріп отырады.

Өрт сөндірушілердің басты міндетінің бірі – оқиға орнындағы адамдарды қауіпсіз жерге көшіру. Барлау жасауға және адамдарды құтқаруға кемі үш адамнан құралған газ-түтіннен қорғау қызметі аттанады. Өрт сөндірушілер қою түтін оранған аумаққа отқа күймейтін болат арқанмен тізбектеліп кіреді. Ең алдында және соңында тәжірибелі адамдар жүреді. Жалынды өшіру уақыты оттың деңгейіне, өрт шалған аумағына қарай бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін созылуы мүмкін.

Әрине, өрт сөндірушілердің жұмысы өртті сөндірумен ғана шектелмейді. Олар өртке қарсы мамандандырылған қызмет бөліміне оралғаннан кейін, жалынның қалай өршігені,

кімнің қай жерде қателік жібергені, қабылдаған шешімдерінің қайсысы дұрыс болғаны жөнінде кеңінен кеңес өткізеді. Мұндағы мақсат – жіберген қателіктерден қорытынды шығарып, шеберлікті одан әрі шындай түсу.

Бөлімше қызметкерлері өрт сөндірушінің арнаулы киімімен толық жабдықталған. Яғни өрт сөндіру бекетінің құрамы да, техникасы да талапқа сай деген сөз. Олар тек өртті сөндіріп қана қоймайды, өздерінің жауапкершілік аймағында болып жатқан қыста адамдарды қар құрсауынан құтқару, көктемде су басу сияқты басқа да төтенше жағдайларды жоюға қатысады. Қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсетеді, халыққа қол ұшын созады.

Сөйтіп, біз бір жұмыс күнінде қиын да жауапкершілігі орасан мамандық иелерінің жұмысымен танысып, олардың басын қатерге тіге жүріп атқаратын ержүрек еңбектерінің бір сәтін көзбен көрдік. Өмір мен өлімнің арасында жүріп, ел үшін аябай тер төгіп жүрген ұжым мүшелерінің іс-әрекеті қандай құрметке де лайық екенін түсіндік.

## ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Елордада жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 5 млн теңгеге дейін гранттар беріледі. Бұл туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Сапаров мәлімдеді.

### Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша елорданың ЖӨӨ құрылымындағы шағын және орта бизнестің үлесі 75 пайызды құрады. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстанның өңірлері арасында Астана көшбасшы болып тұр.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, Астанада 209 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі бар. Онда 458 мың адам жұмыс істейді, бұл қаланың экономикалық белсенді тұрғындарының 71 пайызын құрайды. Осы және басқа да көрсеткіштерге қол жеткізуге 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында қабылданып



жатқан іс-шаралар айтарлықтай ықпал етті. Осылайша, бизнесті қолдау мақсатында елордада кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау жүргізіледі. Осы тетік бойынша 2022 жылы кәсіпкерлердің жобасын қолдауға 19,5 млрд теңге бөлінді. 2022 жылы 102,2 млрд теңге сомасы бойынша 1715 субсидиялау шартына қол қойылды.

Несиеге ішінара кепілдік беру де жүзеге асырылады. Өткен жылы кәсіпкерлердің 1526 кредитіне кепілдік берілді. Сонымен қатар, жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын бизнес субъектілеріне конкурстық негізде 5 млн теңгеге дейін гранттар беріледі.

– 2022 жылы өтінімдерді қабылдау 1-15 сәуір аралығында өтті. Мәселен, 1,8 мыңнан астам өтінім келіп түсті, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 5,4 есе көп (335 өтінім). Тыңдау қорытындысы бойынша 135 кәсіпкердің жобасы мақұлданды, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал тобынан 29 кәсіпкер және 28 жас кәсіпкер бар, – деді Қуаныш Сапаров.

Қолдаудың тағы бір тетігі – экономиканың басым салаларында шағын және орта бизнес объектісінің аумағына жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізу. Биыл осы бағытта 1,9 млрд теңге сомасына жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу бойынша 3 жобаға қолдау көрсетілді.

Сондай-ақ, шағын және орта бизнесті, оның ішінде сауда, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру салаларында жұмыс істейтіндерді мемлекеттік қолдаумен барынша қамту үшін әкімдік «Даму» қорымен бірлесіп «Астана бизнес 2» жергілікті жеңілдікті кредиттеу бағдарламасын іске асыруда.

– Биыл аталған бағдарламаға барлығы 1,5 млрд теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда 489 млн теңге сомасына кәсіпкерлердің 9 жобасы мақұлданды. Сондай-ақ, тұрақты негізде кәсіпкерлермен кездесу өткізіміз. Кездесу барысында кәсіпкерлерді толғандыратын өзекті және түйткілді мәселелер талқыланды, – деді Қ.Сапаров.



# ӘКЕ КӨРГЕН БАЛАНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

«Әкесі бар баланың жебесі тастан өтеді» деген сөз бар. «Әке көрген оқ жонар», «Әкеге қарап ұл өсер», «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген нақылдар осы заманда өте өзекті. Бала тәрбиесі – ең жанды жеріміз. Асырауы – анада, жауапкершілігі – әкеден, үйде ана тәрбиелесе, түзде жүріп әке отбасының тірегі ретінде баланың әр қадамына, адам болып қалыптасуына жауапты.



Ұлттық құндылықтарымыз шетелдің теріс насихаты салдарынан шетке ысырылған сәтте қайтсек әке беделін биіктете аламыз, қайтсек бала тәрбиесіндегі әке рөлін күшейте аламыз, 5 баланың әкесі Жалғас КУСПЕКОВТЕН одақ жұмысы туралы сұраған едік.

– Жалғас Хайруллаұлы, мұғалімдер «Бала тәрбиесі қиындап кетті. Телефон, интернет-ойындардың кесірінен балада да, ата-анада да агрессиялық көзқарас қалыптасты. Қазіргі мультитердің өзі бір түрлі, цензура жоқ, телдидар да не болса соны көрсетеді. Цифрлық аутизм көп балаларда. Коммуникация жоқ, отбасы тәрбиесі жоқтың қасы, оның басты себебі – әкенің тәрбиедегі рөлінің аздығынан» дейді. Осыған не дейсіз?

– Отбасы тәрбиесіндегі әке рөлі – өте өзекті проблема. Қазір әртүрлі себеппен толық емес отбасылар көп, сондықтан да балалардың көбі эгоист болып өсіп келе жатқанын айтуымыз қажет. Біреудің жалғыз, біреудің еркесі қалағанын ата-анасы алып береді, содан оның қоғаммен, айналамен байланысы нашарлай беретіні түсінікті. Оны бірақ біз қоғам болып емдеуіміз керек, әке рөлін алға шығару, беделін арттыру керек деп есептеймін. Қазір мектептегі жиналыстарға барсаң, тек аналар отырады, әкені ілуде бір кездестіресің, кейде ол да жоқ. Әрине, жұмыс істеу керек, бала асырау бәрінен маңызды, бірақ уақытын тауып, бала тәрбиесімен айналысу кезек күттірмейтін іс екенін күнде айтып, осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Әзірге нәтиже жаман емес, әкелер тәрбие ісіне араласуға ниет білдіруде.

– Білім сапасы төмен, тәрбие жоқ. Қатарластарынан түрлі құқай көрген мектептегі балалар қоғамдағы түрлі жағдайдан соң, я әлеуметтік желідегі әлімжеттіктен кейін өзге қол жұмсайды немесе дәрі ішіп қояды. Қатты сөйлеуге болмайды, егер де сөйлей қалсаң, ата-анасы таяғын сүйретіп келіп тұрады. Астанада осы бала тәрбиесіне қатысты жұмысты «Әкелер одағы» енді қолға алып жатыр екен, қандай іс-шаралар, кездесулер ұйымдастырылды? Жалпы «Әкелер одағы» жұмысы нәтижелі деп айта аласыз ба?

– Бұрын әке-шешемізге «Ағай, я апай ұрысты, ұрды, сабақ оқымағаным үшін жазалады» десек, қазіргі ата-аналар бала үшін мұғалімді «жеп» қоя жаздайды... Үйде тәрбие беруге уақыты не болмаса ықыласы жоқ, бәріне баланы емес, мұғалімді кінәлі деп тұруға бейім. Біздің қатарластарымыз үшін ұстаздың жөні бөлек – сонадайдан көрсек, амандасып, құрмет көрсетеміз. «Әкелер одағының» басты жұмысы да сол педагогтардың мәртебесін көтеру арқылы бала тәрбиесіне атсалысу, қазір республика көлемінде бұл мәселе қолға алынып жатыр, әкелердің VII съезін өткіздік, біраз жұмыс жасалып отырғанын айтуымыз қажет.

Тәрбие беру деген мәселені айтар болсақ, бұрын мектепке ата-ана емін-еркін, кез келген уақытта кіруші еді, қазір арнайы рұқсаты болмаса, алдын ала келіспесе, оқу ордасына бір рет болса да ата-ана мектепке кіріп, баласымен спорт іс-шараларына немесе сабағына қатысса, мұның үш жаққа да тиімді болары сөзсіз.

– Қазақ отбасында қалашанда әкенің рөлі ерекше. Бұрын әкенің бір ауыз сөзі екі қайталанбайтын, дәстүрлі қазақ қоғамында тәрбие алған қазақ баласының әкеге деген құрметі ерекше болатын. Бірақ түрлі сыртқы идеологиялық экспансияның салдары болса керек, отбасындағы әкенің рөлі төмендеп кетті. Өйткені оның отбасындағы орнын табысы анықтайтын болды. Қалай ойлайсыз, әке рөлінің төмендеуіне өзі кінәлі ме, гендерлік теңдіктің салқыны ма, болмаса басқа себептері бар ма?

– Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. «Әке – асқар тау» деп бекер айтпаймыз, әкенің мейірімі, басыңнан сипап, күле қарағанына жетер құндылық жоқ шығар деп ойлаймын. Ананың мың айтқанынан әкенің тоқетер бір айтқаны бала үшін өтімді, әкенің бір ауыз сөзі оқтай деген жеріне тез жетеді. Тек мынау жаһандандудың, сырттың қызылды-жасылды арзан идеологиясы менталитетімізді өзгертіп жатқанына қынжыламын. Қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына жетер ештеңе жоқ, мұнда тәрбие, сана, білім, көркем мінезбен өсу жолдары, қоғамға, халқына сол арқылы пайдалы болу – барлығы бар. Еуропа тәрбиеленген балалар әкесіне сөз бермейді,

ал қазақы тәрбиені алғандар әкесі тұрғы сөйлемейді, ондай көргенсіздік танытпайды. Соның бәрін айтып, қоғам болып түзетудің жолын қарастырып жатырмыз, уыстан шыққалы тұрған ұлттық тәрбиені ұрпақтың бойына дарытуды дәріптейміз. Жақында қаладағы 98 мектепте волейбол, баскетбол сынды спорт түрлерінен жарыс өткізіліп, М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында белсене қатысқан әкелерді грамотамен құттықтап, бағалы сыйлық үлестірілді. Осындай іс-шаралар үздіксіз жүргізілуде, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, бұған әкелер бұрынғыдай емес, белсенділік танытып, ықыласын білдіруде, соған қуанамыз. Бұл «Әкелер одағының» жемісті жұмысының нәтижесі деп айта аламыз. Алдағы уақытта тек қана Астанада емес, республика көлемінде әкелердің қатысуымен іс-шаралар өткіземіз деген ойдамыз.

– Отбасыңыздағы қыз балаларға қаталдау талап қоятсы ба, жоқ әлде жылы қарым-қатынас арқылы тәрбиелеуді жөн көресіз бе? Ұлыңыздың қандай адам болғанын қалар едіңіз? Олардың болашақта мамандық таңдауына араласасыз ба?

– «Қыз – қонақ» қой, керек кезінде еркелетіп, сонымен қатар, тәрбие беруді де ұмытпауымыз қажет. Қыз балаға қатты айта алмайсың, бірақ барынша ұлттық тәрбиені сіңіруге тырысамыз, нәтижесі жаман емес деп ойлаймын. Ұлымыз әлі кішкентай, ерке, бірақ барды бар, жоқты жоқ деп айтамыз, еркіндік пен тәрбиені қатар береміз. Үлкен қызмы – жоғары оқу орнында, ағылшын тілінің маманы, екінші қызым қонақүй бизнесі, тамақтану мамандығы бойынша колледжде білім алып жүр. Үшінші қызымының арманы – дәрігер болу, кенже қызым суретті жақсы салады. Ал ең кенжетайым – ұлым полиция немесе өрт сөндіруші болғанды ұнатады. Телеарнадан не көреді, соны таңдағысы келеді, мұндайда мультфильмдердің әсері сұмдық екенін ескеру қажет. Бала не көрсе, соны жасауға тырысады, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген осы. Әрине, кішкентай болғандықтан, мамандық таңдауға әлі ерте, жақсы бағыт бере алсақ, педагогтармен бірге лайықты тәрбие бере алсақ, менің де балаларым өмірден өз орнын тауып, еліне пайдалы маман болып шығарына сенемін.

Сұхбаттасқан  
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елорда тұрғындарының басым көпшілігін студент жастар құрайды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келіп білім алып жатқан жастар төрт жылдай астаналық атанып, туып-өскен жеріне кетіп жатады. Олардың орны мектеп түлектерімен толығып, студенттер өмірінің қызығы бір сәтке де толастамайды. Олардың да ішкі тірлігі өз алдына. Сол себепті студент өмірінің бір қырына тоқталуды ұйғардым. Қазіргі кезде студенттердің көпшілігі күн тәртібін бұзу, дұрыс тамақтанбау, жұмысбасты болуы, қаржылық сауаттың жоғынан ысырапшылдыққа жол беру деген секілді қателіктерге жиі бой алдырып жатады. Ондай қателіктерді өзім де басымнан кештім.

## СТУДЕНТ ҚАРЖЫСЫН ҚАЛАЙ ЖАРАТАДЫ?



### ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ ҚАНДАЙ?

Мен 2018 жылы ЕҰУ-де 1 жыл дайындық бөлімін оқыдым. Кейін көктемде ҰБТ тапсырып, ЕҰУ-дің студенті атандым. Әдетте, көп студенттің қызықты сәті бірінші жылы басталатын болса, менде дайындық бөлімін оқып жүрген кезімде басталды. Автобуска төлейтін ақша жоқ, сағаттық жерге жаяу бару, аудитория таба алмай университеттің бұрыш-бұрышын шарлау, сабаққа бармай, ұйықтап қалу деген секілді қызықты сәттердің бәрі осы кезде болыпты. Есімінен кетпейтін ең қызық сәтім – жейтін ештеңе қалмай, жатақханада пияз қуырып жегенім. Қалған күні жейтін ештеңе қалмағанда, сұйық майға пияз қуырып жеуге мәжбүр болды. Қалаға алғаш келуім. Ата-анамыздың жанынан шығып көрмегендігімізден болса керек, «дүние көпке тұрмайды, епке тұрады» деген сөздің мағынасын осы жерде ұққандай болды. Адам айына миллион таба алады. Бірақ қанша көп қаражат тапсаң да, қаржылық сауаттың кем болса, бәрі де бекер. Сондықтан ақшаны үнемдеп ұстауды осы кезден бастап әдет қылған дұрыс.

### ҚОСЫМША ЖҰМЫС ҚАЖЕТ ПЕ?

Студенттерде кездесетін енді бір қателік – жұмысбасты болуы. Студенттердің жұмыс істеуінің себебі – айтпаса да белгілі жағдай. Оқудан басқа проблемасы жоқ студент төрт жыл ішінде біраз жетістікке қол жеткізеді. Жан-жақты тұлға болып қалыптаса алады. Мамандығын да жақсы игеріп шығады. Бірақ қазіргі студенттер уақытын тек даму мен білім алуға арнап жатқан жоқ. Оның бір себебі – сабақтан тыс уақытта жұмыс істеуі. Жұ-

мыс істегендіктен сабаққа көңіл бөлмей, жұмыстың әлегімен жүріп кетеді. Сабақты ойландыра да мұршасы келмейді. Ондай студенттердің қатарында өзін де бармын. Жұмыс істемей, мемлекеттен берілетін шәкіртақыны қанағат етіп жата беруіне тағы келмейді. Стипендия ішіп-жейтін тамағымыз бен жолымызға ғана жетеді. Жатар орнымызға, киер киерге ақша табуымыз керек. Осындай үрдіс күнделікті қайталанса берсе, студент өмірінде қандай өзгеріс болуы мүмкін? Бір кәсіппен айналысу үшін де оған махаббат пен сүйіспеншілік керек. Істеп жүрген жұмысыңа деген құрметің мен махаббатың болмаса, еңсенді басып, өмірге деген құштарлығыңды жояды. Әлі толық тұлға болып қалыптаспаған, дипломы жоқ студент үшін барын салып істейтіндей жұмыстың жоғы белгілі. Олардың көбі даяшы, сатушы, жүк тасушы, ыдыс жуушы, бала бағушы болып істейді. Осы секілді қарапайым жұмыс істеу арқылы білім алатын уақытын ғана емес, өзін де жоғалтып алады. Қазіргідей қымбатшылық бой көтерген заманда әрбір студент үшін жағдай қиын. Мемлекеттен берілетін шәкіртақы жүріп-тұрғанынан артылмайды. Бірақ жоғарыда айтқанымдай, әр адамның бойында қаржылық сауат болса, барлығын жеткізуге болады деп ойлаймын. Жағдайы бар студенттер де сабаққа уақытылы бармай, дамуға көңіл бөлмей жатады. Әр нәрсенің өз орны болады. Қаржылық жағынан қанша қиындық кездесіп жатса да, басты мақсатымызды ұмытпайық. Ақшаның артынан жүріп, алдағы жарқын болашағымыздың жібін үзіп алмайық. Мүмкіндік болса, студент кезімізде алаңсыз білім алайық.

### САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУ

Өз өмірімізге қожалық ету университетке келген сәтімнен басталады. Бостандықтың кілті өзіне тиген студенттерге не істесе де өз еркіне тиеді. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» жоғының кесірінен күн тәртібін ауыстыру, дұрыс тамақтанбау деген секілді қателікке жиі бой алдырып жатады. Салауатты өмір салтын

ұстанғысы келген студенттер үшін бұлар өте маңызды. Уақыт – өміріміздегі баға жетпес құндылықтың бірі. Сондықтан оны бекер өткізбей, пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн. Күн тәртібін ауыстыруымыздың бір жағы уақытымыздың бос өтуіне әкелсе, енді бір жағы денсаулығымызға да зиян. Студенттер үшін күн мен түн тәртібін ауыстыру қалыпты жағдай болып кеткен. Оған себеп – түнде достармен бірге әңгіме айту, кино көру немесе түнімен қыдыру. Осының кесірі сабаққа уақытылы бармау мен стипендиядан құр қалуға дейін алып келеді. Өзін дамытқысы, үлкен тұлға болып қалыптасқысы келетін әр студент күн тәртібін бұзбай, уақытында демалып, уақытылы тұрғанды әдетке айналдыру керек.

Студенттер сабақтан немесе жұмыстан кеш келіп тамақ істеуге ерінеді. Сөйтіп тез дайындалатын кеспе, сәндвич, пицца, бургер жеп жата салуды жөн көреді. Осылайша дұрыс тамақтану дағдысын жоғалтып алады. Емтихан жақындаған уақытта Gorilla, Dizzy секілді энергетика сусындарын көп ішеді. Иә, бұл сусындар ұйқыны ашып, адамға сергектік сыйлайтыны сөзсіз. Бірақ ол сол мезетте жақсы әсер сыйлағанмен, мөлшерден тыс қолданса, қан қысымы немесе қан құрамындағы қант деңгейі көтеріледі. Сондықтан басты байлық денсаулық екенін ескеріп, денсаулығымызға зиян келтіретін тағамдар мен сусындардан аулақ болғанымыз жөн. Денсаулық болмаса, біздің оқып, білім алғанымыздан еш пайда болмайды. Болашағым жарқын болсын дейтін әрбір студент осыны да ескеруі керек.

Болашағымыздың жарқын бейнесін жасаушы өзіміз. Қазірден қалай әрекет етсек, нәтижесін көретінімізге сенуіміз керек. Студенттік өмірде қиындықтар болуы мүмкін. Бірақ барлығы уақытша екенін естен шығармауымыз қажет.

Алмагүл БЕРДІМҰРАТ,  
Л.Гумилев атындағы  
ЕҰУ-дің 4-курс студенті



ДҮЙСЕНБІ

20 НАУРЫЗ



6:00 Әнұран  
6:05 «Жадыгер»  
6:25 «Күй-керуен»  
7:00 «ТАҢШОЛПАН»  
9:00 AQPAPAT  
9:15 «ТАҢШОЛПАН»  
10:00 AQPAPAT  
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.  
12:00 «ӘМІР КӨРКЕМ». Тикелей эфир  
13:00 AQPAPAT  
13:15 «Әндер мен жылдар»  
15:30 «Ахмет. Ұлт ұстазы». Телехикая.  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая.  
20:00 AQPAPAT  
20:35 «ASHUQ ALAM»  
21:30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая.  
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.  
23:20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама.  
Тикелей эфир  
0:35 AQPAPAT  
1:10 «Әмір көркем»  
